

**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының
Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті**

Хаттама №1

30.09.2024 ж

Қатысуға тиіс: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Алдын алу кеңесінің ережесімен танысу
2. Алдын алу кеңесінің 24-25 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен танысу;
3. Оқушыларды мектепшілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстыру.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекіту;
5. Мектеп инспекторымен мектеп жұмысының бірлескен жоспарын бекіту;
6. 2024-2025 оқу жылына арналған ЖБҚ және отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекіту.
7. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту

Тындалды:

Бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелермен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Аманбаева Алия Танжарбаевна таныстырып өтті. 2024-2025 оқу жылына барлығына сәттілік тіледі. Алдағы атқарылатын жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Сөйлеушілер:

Бірінші мәселе бойынша Бүгінгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр, себебі өмірлік қиын жағдайға душар болған жасөспірімдердің саны азаяр емес. Бұл санатқа, көбінесе отбасылық жағдайы нашар, демалыс мезгілі ойластырылмаған, өздеріне өздері бас болып жүрген балалар жатады.

Екінші мәселе бойынша Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырылды. Оқушылармен, ата аналармен алдағы атқарылатын жұмыстар жөнінде айтылды.

Үшінші мәселе бойынша Қылмыстың алдын алудың бірден-бір жолы оқушылардың мектептен тыс уақытта қосымша біліммен қамтылуын дұрыс ұйымдастыру. Бүгінгі күні мектептегі мектептен тыс оқушы қосымша біліммен қамтылып отыр.

Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы қылмыс саны азая түседі. Мысалы, ішкі істер бөлімінде тіркеуде тұрған бала жоқ. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері туралы таныстырылды.

Төртінші мәселе бойынша -баланың психикалық дамуы және психологиялық портретін құру немесе бүтіндей жас топтарымен танысу кезінде немесе басқа да аспектілерді көрсетеді. Ол еркін түрде жазылады және әкімшіліктен бұрыштама қоюды талап етпейді.




Сипаттама баланың жеке даму ерекшеліктері туралы, яғни оның танымдық және тұлғалық- эмоционалдық саласы, психофизиологиялық қыр-сырлары, коммуникативтік тілектері, балада бар жалпы және арнайы қабілеттері және т.б көрсетіледі. Мектеп психологі Сайынова Инабат жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарымен таныстырып өтті.

Бесінші мәселе бойынша Аманбаева А.Т. сөз алып мектеп инспекторымен бірлескен жоспарымен таныстырып өтті.

Жетінші, сегізінші мәселелер бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс- шаралар кестесін бекіту, Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту таныстырылып айтылды.

Жиналыс қаулы етеді:




1. Алдын алу кеңесінің ережесімен таныстырылды
2. Алдын алу кеңесінің 24-25 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстырылып алдағы уақытта жоспармен жұмыстар жүргізілсін.
3. Оқушыларды мектепішілік есепке қою және есептен шығару ережелері есепке алынсын.
4. Жасөспірімнің жеке басын психологиялық және педагогикалық түзету және оның деформациясының себептерін жою бойынша психологтардың жұмыс жоспарын бекітілсін.
5. Мектеп инспекторымен бірлескен жоспарын бекітіліп жұмыстар жүргізілсін
6. 2024-2025 оқу жылына арналған отбасылардағы өзара қарым-қатынастарды зерттеу бойынша іс-шаралар кестесін бекітілсін.
7. Әлеуметтік педагогтың 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітіліп жоспар негізінде шаралар уақытылы өткізілсін.

Мектеп директоры:  А.Бекова
Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Аманбаева
Хатшы:  А.Асылбекова

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп «КММ»
Сыбайлас жемқорлыққа қатысты 5-11 сыныптар арасындағы жиналыстың

Хаттамасы

14.11.2024ж

Төрайымы:  А.Аманбаева
Хатшысы:  А.Асылбекова
Қатысты:  72 оқушы

Күн тәртібінде

1. Сыбайлас жемқорлықсыз ел өркенделуші ел.
2. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықпен бопсалауды болдырмаудың алдын-алу.
3. Жемқорлықсыз қоғамға қадам.

Тыңдалды.

Күн тәртібінде мәселелермен жиналысқа қатысып отырған 5-11 оқушыларына Тәрбие жөніндегі орынбасары А. Аманбаева таныстырып, бірінші мәселе бойынша сөз салды. Жасөспірімдер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын-алу шаралар туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді, және мектепте оқушылар қаражат жинауға болмайтындығын түсіндіріп айтып шықты. Үшінші мәселе бойынша жарыс сөзге түскен ата-ана әрі мектеп директоры А.Бекова сөз алып, мектепте оқушы ұстазға және басқа мерекелік шараларға қаражат жинауға болмайтындығын ескертіп шықты.

Шешім: 1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сыбайлас жемқорлық туралы заңды әрдайым ұстанып отырсын.

3. Оқушыларға жемқорлық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ
2024-2025 оқу жылындағы Құқық кеңесінің отырысының
Құқықбұзушылықтың алдын алу отырысы болып өтті.**

Хаттама №2

31.10.2024 ж

Қатысуға тиіс: Алдын алу кеңесінің мүшелері

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелер:

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын талдау.
2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерін талдау. Суицидті және теріс ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің, интернет қоғамдастықтардың мониторингін талдау.
3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды талдау.

Тыңдалды.

Бүгінгі құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысын күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Аманбаева А.Т таныстырып өтті.

Бірінші мәселе бойынша- Әлеуметтік педагог Бердаулетова Салтанат айтып өтті. Мектептің

2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортының жаңартылып жасалғаны жөнінде айтылды. Жартылай жетім, көп балалы, аз қамтылған оқушылар жөнінде тізімдері алынып жасалды. Алдағы уақытта мектептегі шараларға аталған отбасылардың балалары

іс-шараларға тартылады. Үнемі ата-аналарымен байланыс жасалып отырылатыны жөнінде айтты.

Екінші мәселе бойынша мектеп психологі Сайынова Инабат сөз алды.

5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнама нәтижелерімен таныстырды. Оқушылармен байланыс жасалып отырылады.


5-11 сынып оқушыларынан аутодеструктивті көңіл күйін анықтау мақсатында сауалнама алынды.


Әр сауалнамаға анықтамасы жазылды.

Үшінші мәселе бойынша Әлеуметтік педагог Бердаулетова Салтанат сөз алды. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шаралар жүзеге асырылып отырылады. Сынып жетекшілерімен ата-аналармен байланыстамын.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік паспортын жаңартылсын.
2. 5-11 сынып оқушыларының аутодеструктивті көңіл-күйін анықтау үшін сауалнамаларын талдау нәтижелері есепке алынсын.
3. Оқыту кезеңінде қауіп-қатер аймағындағы отбасыларға (толық емес отбасылар, тұрмысы нашар отбасылар, баланы өгей әкесі, өгей шешесі тәрбиелеп отырған отбасылар, үшінші тұлғалардың қамқорлығында (қорғаншылық, патронат) рейдтік іс-шараларды үнемі жасалып отырылып дәптерге жасылып отырсын.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:  А.Аманбаева

Хатшы:  А.Асылбекова

Тобаньяз атындағы жалпы білім беретін мектеп «Нашақорлық және Спидке байланысты жүргізілген шаралардың


Хаттамасы

12.11.2024

Төрайымы Аманбаева А

Хатшы Асылбекова

Қатысқан оқушы саны 52



Күн тәртібінде

1. Бақытты сау балалық шақ.
2. Салауатты демалыс бұл белсенді демалыс.
3. Зиянды әдеттерден аулақ .
4. Есірткісіз болашақ

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі 1 ші және 3 ші мәселе бойынша мектеп медбикесі Дәмелі Кдинова оқушыларға зиянды заттардан аулақ болу туралы лекциясын оқып шықты. Жалпы есірткі заттар адамзатқа өте ертеден белгілі және оны емдік және еліктіргіш құрал ретінде өткен ғасырлардың өзінде- ақ қолданған. Көптеген жастар есірткі бойды , балқытып ләззат алғандай алдамшы күйге түсетін күшін қызық көріп әуестенетін туралы түсінік жұмысын жүргізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша дене пәні мұғалімдері Жұмаханов Б, Сисенбаев Қасым 8-9 сынып оқушылар арасында спорттық сайыстар өткізіп, қортындысында 9 сынып бас жүлдеге ие болды.

Қаулы Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сынып жетекшілер зиянды заттар туралы сынып сағаттарын өткізу тапсырылсын. Тоқсан сайын нашақорлық туралы видео лекция өткізу мектеп медбикесіне тапсырылсын.



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

Хаттама

05.12.2024жыл.

Қатысқандар саны:65

Күн тәртібінде:

- 1.Қылмыстың алдын алудағы ата-аналар жауапкершілігі.(Баяндама)
2. Оқушылардың тәртібі және мереке қарсаңындағы жүріс-тұрысы.
- 3.Ауылымыздың дәрігері- Ізтұрғанова Лаура.(Баяндама қызылша)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Аманбаева Әлия қылмыстың алдын алудағы ата-аналар жауапкершілігі туралы баяндама оқыды. Слайд,видео арқылы түсінік жұмыстарын жүргізді.

Қаулы етті.

Бірінші мәселе бойынша қылмыстың алдын алудағы жауапкершілігі ата-аналарға және мектеп инспекторына міндеттелді.

Тыңдалды.

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Бекова Алтынгүл ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы сөз қозғады. Мектептің ішкі ережесімен таныстыра келе ата-аналарға мектептің жарғысында бекітілген мектеп формасын сақтауға міндетті екендігі,білімі туралы айтты.Алдағы мереке қарсаңында бей мезгіл уақытта яғни кешкі мезгілде көшеде жүрмеу керектігін ескертті. Мектептегі өткізілетін шараларға қатысуға,оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ата-аналар тікелей қолдау көрсетілетіндігі жөнінде айтты.

Қаулы етті.

Екінші мәселе бойынша оқушылардың тәртібі жүріс-тұрысы ата-анамен сынып жетекшіге, мектеп инспекторына міндеттелсін.

Тыңдалды.

Үшінші мәселе бойынша ауылымыздың дәрігері Ізтұрғанова Лаура баяндама оқыды. Баяндамада қызылша ауруы туралы айтылды.Қызылша ауруы өте жылдам таралатын ауру екендігін айтты.Осы аурудың белгілерін айтты.Ата-аналарға

балаларының бойларынан осы айтылған белгілерді байқаған жағдайда дәрігерге
қаралуы керектігі ескертілді.


Қаулы етті.

Оқушылардың денсаулығы мектеп медбикесі Кдирова Дәмеліге міндеттелсін.

Шығып сөз сөйлеушілер.


Ата-ана Жаппасова Нағима мектеп оқушылары мектепке ұялы телефон әкелуге
болады ма деді. Мектеп директоры оқушылардың мектепке ұялы телефон әкелуіне
үзілді-кесілді тыйым салатынын айтты.

Төрайымы:



А.Аманбаева.

Хатшы:



А.Асылбекова

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

Қыркүйек айында 8-11 сыныптар арасында ұлдар жиналысының

Хаттама №3

2.04.2025

Төрайымы: Аманбаева А.

Хатшы Асылбекова А.

Мектеп инспекторы: Құлыбеков М

Қатысқан оқушылар саны: 95

Күн тәртібінде:

1. Мектеп оқушылары арасында әлімжеттік және бопсалаудың алдын алу.
2. Оқушылардың тәртібі көлік, мотоцикл жүргізуін болдырмау құқықбұзушылықты болдырмау.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Құлыбеков Мағжан мектеп оқушылары арасындағы әлімжеттік және бопсалаудың не екенін сұрап, оқушылар арасына сұрақ тастады. Оқушылар жауабы тыңдалғасын, бейнебаян көрсетілді. Сондай-ақ, қазіргі кезде оқушылар арасында бопсалау, әлімжеттіктің өршіп тұрғандығын айта отырып, оқушыларға түсіндірме жұмыстар жүргізді. Сондай-ақ, ербалалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, патриоттық сезім орната отырып бүгін мен болашаққа деген жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Қаулы етті: Оқушыларды каникул кезінде спорттық шараларға тартылсын.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Құлыбеков Мағжан оқушылардың рұқсатсыз көлік мотоцикл айдауға болмайтындығын ескертіп түсінік жұмыстары жүргізілді. Жылдан- жылға жол көлік оқиғаларының қауіпі арта түсуде. Сондықтан да жүргізуші, жаяу адамдар мен көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпке мұқият болып, оқушылардың көлік айдамауын қадағалау шарт. Осы мақсатта оқушылаға түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың сабақтан кеш қалмауын және себепсіз сабақтан қалған оқушының сағат саны 40сағаттан аса ата -анасына айып пұл салынатыны ескертіліп айтылды

Қаулы етті:

1. Қауіпсіздік ережелерін ата-аналар балаларына үнемі сынып жетекшісімен қатар ескертіп отырсын.

2. Оқушыларға көлік айдамауын қадағалау мектеп инспекторы мен ұлдар жетекшісіне тапсырылсын.